	Кері байланыс орнату	«Арқаға сурет салу» Бұл ойында барлық әрекеттерді үнсіз жасау керек. Оқушылар екі топқа бөлініп, бірінің артынан екіншісі тұрып, сап түзейді. Мұғалім ең артында тұрған оқушыларға бір заттың атауы жазылған қағаз ұсынады (мәселен, алма, алмұрт, жүзім, гүл, кітап, ағаш,автомашина т.б). Тапсырма: соңында тұрған оқушы үндемей, алдында тұрған оқушының арқасына әлгі заттың суретін саусағымен салады. Арқасына сурет салынған оқушы алдында тұрғанның арқасына өзінің арқасына салынған затты салады. Суреттер салынып біткеннен кейін мұғалім соңғы оқушыдан арқасына салынған заттың атын сұрап, оны қағазда жазылғанмен салыстырады.		

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Қорқыт «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман	

	тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар</u>: Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар</u>: шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар</u>: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Ұқастық шегі» әдісі Қатысушылар жұптасып отырады. Жұбына қарап, ұқастықты тауып жазады. Ұқастығын оқып, ой бөліседі		Түрлі – түсті доптар
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған Бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

- «Шатасқан оқиғалар тізбегімен» жұмыс
- «Ендеше оған ат қоятын мезгіл өтіп те кеткен екен» деп, Байбөрі барлықоғыз елінің бектерін шақырып, той қылды.
- Ішкі және тысқы оғыздардың Баяндүр хан тойына жиналды.
- Көпестер балаға жақындап келіп, оның қолынан сүйді.
- Ол заманда бектердің алғысы да, қарғысы да қате кетпей, дұғасы қабыл болушы еді.
- Саудагерлер ұйқыда жатқанда, бес жүз гәуір олардың қосына тиіп, дүниелерін тонап алады.
- Байбөрі бек өзінің саудагерлерін шақырып алып, бұйрық берді.

- Екеуі далаға барып, ат жарыстырып еді, Байрақтың аты озып шықты. Байбөрінің баласы атына мініп аңға шықты, аңдарды қуа-қуа ол әкесінің отардағы малдарына келді.
- Жас жігіт үйіне келіп, әкесіне көпестердің келіп жеткенін айтты.
- Жігіттің көзі теңіз жылқысы шұбар айғырға, темірден соққан шоқпарға, еменнен істелген садаққа түсті. Оған ұнаған осы үш нәрсе болған еді.

Тапсырма:

https

[%80%D1%96-%D0%B1%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%81%D1%8B-%D0%B1%D0%B0%D0%BC%D1%81%D1%8B-%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D1%80%D0%B0%D2%9B-%D1%82%D1%83%D1%80%D0%B0%D0%BB%D1%8B-%D0%B6%D1%8B/](https://www.fila.kz/%80%D1%96-%D0%B1%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%81%D1%8B-%D0%B1%D0%B0%D0%BC%D1%81%D1%8B-%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D1%80%D0%B0%D2%9B-%D1%82%D1%83%D1%80%D0%B0%D0%BB%D1%8B-%D0%B6%D1%8B/)

«FILA кестесі» әдісі

Фактілер, деректер	Пікір немесе идея	Сұрақтар	Әрекет немесе жоспар
Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау «Ассоциативті қатар» Мұғалім тақтаға бір сөз немесе сабақтың тақырыбын жазады. Оқушыларға бір бетке тақтаға жазылған сөзден пайда болған пікірлерін жазуды ұсынады. Сабақ тақырыбына қатысты ассоциация-сөздерді бір қатарға жазып шығу керек. Оқушылар сөздерді оқып, артық деп санаған сөздерді алып тастап, сабақ тақырыбын тұжырымдайды.	 бағалау парақтары

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Қорқыттың нақыл сөздері	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар:</u> Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар:</u> шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар:</u> берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Мен саған сенемін» әдісі Әуен ойнап тұрады. Жұп құрып, бір - бірінің көздеріне қарап отырады. «Мен саған сенемін...» өйткені сен жақсы адамсың.		Түрлі – түсті доптар
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

Қорқыт атаның кеңестері далалықтардың қоғамдық өмірінде үлкен рөл атқарды, олар күні бүгінге дейін халық даналығы шоғырланған мақал мен мәтелдер ретінде қабылданады. Оның қанатты сөзге айналған нақыл сөзі мынадай: «Қар қалың жауса да, көктемге дейін қалмайды, жайқалып өскен көк майса күзге дейін қалмайды. Ескі мақта мата болмас, ескі жауың дос болмас. Сулар тарам-тарам болып, қаншама тасып аққанымен, теңіздерді толтыра алмайды. Менмен,

адамды тәңірі сүймейді. Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бақ бермейді. Қара есектің басына жүген таққанмен тұлпар болмас. Қар қаншама қалың жауғанмен- жазға бармас, гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас. Тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ел болмас болмас. Қайыспас қара балтасыз жау алынбас. Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағлым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге жарамайды».

Осындай қанатты сөздерін қазақ мақал-мәтелдеріне ұқсатып мазмұнына қарайтақырыптарға бөлдім :

Қорқыт атаның тұрмыстық қажеттіліктерге
байланысты нақыл сөздері:

Ер жігітке қара таудай мал бітсе, жияр, көбейтер, талап етер, бірақнесібесінен
артығын жемес

Мыңғырған мал жиғанмен адам жомарт атанбас,
Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамайды

Алла, алла демейінше іс өнбес, қадір тәңірі демейінше ер байымас
Баба малынан не пайда, баста дәулет болмаса

Қонақ келмеген қара үйдің құлағаны игі
Шабуын білмеген оқалы (үкілі) қылыштан шоқпар артық
Жалған сөз бұл дүниеде болмаса игі

Күн жадында жұма көрікті
Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Қап тауының арғымағын
мінгізуден пайда жоқ

Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді
Есекке қанша жүген салғанмен ат болмас

Тәкаппарды тәңір сүймес
Ат тұяқты келеді, ақын тілді келеді
Өтірік сөз өрге баспайды

Қорқыт атаның ана туралы нақыл сөздері:

Ана — ердің серігі, батырдың бағдаршысы, ұрпақтың ұлы анасы
Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман
Анасыз қыз ақылға жарымас, әкесіз ұл сыйға жарымас

Ниеті құрыған әйел, нысапсыз әйел, кесір әйел
Ананың көңілі балада болар

Ақ сүтін тоя емізсе, ана көрікті
Ұлдың кімнен туғанын ана білер
Қыз анадан көрмейінше үгіт алмас

Тәлім-тәрбиеге байланысты қанатты сөздері:

Қыз ақылды ескермес-ана үлгісін көрмесе

Ұл жарылқап ас бермес-әке үлгісін көрмесе.

Тапсырма:

«Болжам кестесі» әдісі бойынша кестені толтырындар

1. Үзіндіде айтылған ойды бірінші бағанға жазу
2. Өз болжамдарымен менің болжамым кестенің 2-бағанына жазады.
3. Жоламалын түпнұсқамен салыстыр
4. Басты идеясын анықтап, 4-бағанды толтырады

Үзіндіде айтылған ой	Менің болжамым	Түпнұсқа	Басты идея
Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау «Ассоциацияның көмегімен көрініс Қатысушылар өздерінің есімдерімен қоса бір затты (пикникке алып шығатын немесе қызығушылығына байланысты) ұйқастырып айту керек. Мысалы: Есімім – Жантас, ұнататын сусыным – квас; Есімім – Жанар, ұнататын жемісім – анар т.с.с. Сабақта өтілген ұғымдарды өз есімдерімен байланыстырып айтуларына болады.	 бағалау парақтары

Бөлім	
-------	--

Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Ахмет Йассауи «Даналық кітабы»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар</u>: Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар</u>: шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар</u>: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Сықырлы сөздер» ойыны Мұғалім кез - келген өтінішті айтады, ал оқушы оны әдепті түрде айтуы керек. Мысалы: Айнаш, дәптерді бер. «Айнаш, өтінемін дәптерді берші» Ізеттілік туралы ертегі тыңдау.		Түрлі – түсті доптар
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

https

«Диуани Хикметтен» қазақ халқының ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады. Түркістан қаласында жерленген Қожа Ахмет Яссауи әзіреті сұлтан аталып, басына XIV ғасырдың аяғында атақты Ақсақ Темір күмбез орнаттырды. Бұл

жайында жергілікті халықта мынадай аңыз бар: «Қожа Ахмет Ясауи мазарын тұрғыза бастағанда қара дауыл қабырғаларын ұшырып әкетеді. Осыдан кейін Ақсақ Темірдің түсіне Қызыр еніп, ең алдымен Ахметтің ұстазы Арыстанбаба мазар тұрғызу жөнінде аян беріпті. Темір Қызырдың айтқанын екі етпей орындап, содан кейін барып қана өзі ойлаған жұмысына кіріскен екен».

Тапсырма:

«Екі түрлі түсініктеме күнделігі» әдісі

1. Мәтінді мұқият оқиды. Бөліктің оң жағына мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, яғни мәтіннен үзінділерді жазады
2. Бөліктің сол жағына әсер еткен үзінділер жайында пікірін жазады (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.)

Мәтіннен үзінді		Менің пікірім		
Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау «Атаулар туралы үш сұрақ» Мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, оқушыларға осы атауларға қатысты мынандай сұрақтарға жазбаша жауап беруді тапсырады: 1. Қайда? Бұл терминдерді сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?		бағалау парақтары

		2. Қалай? Өз тәжірибеңізбен осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба? 3. Қандай? Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз? Әдеттегідей бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды. Мұғалімнің сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабақта тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруы тиімді.		
--	--	---	--	--

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Ж. Баласағұн «Құтты білік» дастаны	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар</u> : Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар</u> : шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар</u> : берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.	Мұғаліммен амандасады.		Түрлі – түсті доптар

	Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу	Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады.		
	Психологиялық ахуал орнату	«Ең жақсы» ойыны Қатысушылар екі топқа бөлінеді. Әр топқа мынадай нұсқау беріледі. Берілген мінездеме қай мамандыққа сай екендігін айту қажет. Ең ақшалы, ең жасыл, ең тәтті, ең күлкілі, ең ұсқынсыз, ең қарым - қатынасы күшті, ең жауапты, ең салмақты		
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

Жүсіп Баласағұни – түркі халықтары тарихындағы қайта өрлеу дәуірінің аса көрнекті ақыны. Оның есімін әлемге танытқан әдеби туындысы – «Құтты білік» дастаны. Ақынның өмірі туралы аздаған мәлімет осы дастанды көшірушілер тарапынан берілген кітаптың алғысөзі іспетті жолдарда ғана айтылған. Ақын дастанды 1070 жылы 54 жасында Қашқарда жазып бітіріп, Табғаш Қара Богра ханға тарту еткен. Мемлекет басқарудың заңдары сынды бұл құнды еңбекке риза болған Богра хан ақынға «ұлы хас хажиб», яғни «бас кеңесші», «ұлы уәзір» деген жоғары атақ берген. Қандай адам «ұлы хас хажиб» болуы мүмкіндігі жөнінде дастанда егжей-тегжейлі айтылады. Дастан сол кезде Қарахан мемлекетінде өмір сүрген түркі тайпаларының бәріне бірдей түсінікті, ортақ әдеби тілде жазылған. Дастанның бүгінгі күнге дейін сақталып жеткен үш нұсқасы бар. Біріншісі – Венаның Корольдік кітапханасында сақтаулы тұрған 1439 жылы Герат шаһарында ұйғыр әрпімен көшірілген нұсқасы. Сондықтан бұл нұсқа Вена немесе Герат нұсқасы деп екі түрлі аталады. Екіншісі – араб әрпімен көшірілген Каир нұсқасы. Бұл қолжазбаның бір данасын орыс ғалымы Василий Васильевич Радлов көшіріп алған. Ол қазір Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институтының Санкт-Петербург бөлімшесінде сақтаулы тұр. Үшіншісі – 1913 жылы Өзбекстанның Наманган қаласынан табылған, араб әрпімен жазылған, дастанның ең толық саналатын нұсқасы. Ол Өзбекстан Ғылым академиясының Шығыстану институтында сақталып келеді. «Құтты білік» дастанының басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі – мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Дастанда әділдіктің бейнесі ретінде Күнтуды патша алынған. Екіншісі – бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек. Бұл мәселе патша уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. Үшіншісі – ақыл-

парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық рөлі уәзірдің баласы Өгдүлміш бейнесінде жырланады. Төртіншісі – қанағат-ынсап мәселесі. Ол уәзірдің туысы, дәруіш Одғұрмыш бейнесі арқылы әңгіме болады. «Құтты білік» дастанында елді басқарған әкімнің басты міндеті – халыққа құт, бақыт, дәулет әкелу, кедей халықты бай ету екендігі ерекше атап көрсетіледі. Композициялық құрылысы жағынан дастан 6520 бәйіттен, яғни 13040 өлең жолынан тұрады. Олар өз ішінде 85 тарауға бөлінген. Шығарманың негізгі бөлімдері екі жолдық мәснәуи түрінде жазылған. Дастан сюжеті автор алға қойған этикалық-моральдық, дидактикалық міндеттерге, яғни шығарманың әділдікті, бақ-дәулетті, парасатты, қанағатты бейнелейтін төрт қаһарманының іс-әрекетіне тікелей байланысты етіп құрылған.

Тапсырма:

«Мәтінмен жұмыс» әдісі

1-қадам. Мәтінді бірнеше бөліктерге бөлу;

2-қадам. Әр бөлікке атау беру;


3-қадам. Әр бөліктің негізгі ойын білдіретін сөйлемдерді анықтау;

4-қадам. Кейіпкерді сипаттайтын сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді табу;

5-қадам. Мәтіндегі барлық кейіпкерлерді кезегімен атап беру;

6-қадам. Мәтіндегі оқуға орын алған жерлерді атау;

7-қадам. Мәтінді аяқтаудың нұсқасын ұсыну.

Сабактың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру	Өзін-өзі бағалау		бағалау парақтары
	Кері байланыс орнату	«Ашық және Жабық сұрақтар» Жабық сұрақтар пайдалы болуы мүмкін, алайда олар абстрактілі ойлау, талқылау дағдыларын қолдануға септігін тигізбейді және аса түсінікті болмайды. Ашық сұрақтар керісінше әсер етеді, сол арқылы оқу үдерісін жақсартады. Мысалы, Сіз өткен кеште бір жаққа шықтыңыз ба? Сіз кеше мектептен кейін не істедіңіз? Жұмыс үлгісі: Оқушыларға белгілі бір тапсырма берер алдында олардың сұрақтарды анағұрлым анық түсініп, бағалау критерийлерін қанағаттандыру үшін не		

		істеу қажеттігін түсіну үшін мысалдар келтіріңіз. Оқушылар бағалау критерийлерін қолдана отырып, жұмыс үлгісіне баға қоя алады. Бұл не талап етілетінін және бұл үдеріспен қалай байланыста болатынын түсінуді модельдеуге көмектеседі.		
--	--	---	--	--

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар:</u> Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар:</u> шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар:</u> берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Жағдайлы волейбол» ойыны Мұғалім әділдік пен әділетсіздікті көрсететін жағдайларды айтады, сол арада дұрыс жауапқа бала		Түрлі – түсті доптар

		допты қағып алады, бұрыс жауапқа қағып алмайды.		
Сабактың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

Асан қайғы Желмаяға мініп, жиһан кезіп, «Жерұйық» дейтін ну орманды, көкорай шалғынды, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын жайлы қоныс іздейді. Жүрген жерінде жақсы-жаман қонысқа баға беріп отырады.

Түркістанның қасында ескі қорған Сауранды көргенде: «Әттеген-ай, тақырдың бетіне, шөлдің өтіне салған екен. Сарқырап аққан суы жоқ, жайқалып тұрған нуы жоқ, түбі тұрақты қала бола алмас», — деген екен.

Асан қайғы Маңғыстауға үш барып, үш қайтыпты: «Түбінде, Мал баққан шаруаға Маңғыстаудан жақсы жер болмас», — депті.

Жетісуды көргенде: «Мынау Жетісудың ағашының бұтағы сайын жеміс екен, шаруаға жайлы қоныс екен», — депті.

Баянауыл тауын көргенде: «Баянға жаймай, қой семірмес», — деп, Асан қазіргі Баянауылды өзіне жайлау етіпті.

Осы күнгі Мереке жеріндегі Аспараны көргенде: «Ей, Аспара, көршіңмен татубол, шөбіңе суың жетер!» — деп жүріп кетіпті.

Шу өлкесін көргенде: «Ей, Шу, атыңды теріс қойыпты! Тегінде, бір шулыған болмасаң, мынау ну қамысың еліңді жұтқа бермес», — депті. Шудың аяғында Сарысу елі малға шөп шаппай, Шудың қамысын қыстап, жаз Арқаны жайлайды екен.

Әулиеатаның шығысында аққан Талас, батыс жағында сарқыраған Келес өзендерін көргенде: «Ей, екі Талас, бір Келес, малсыз күнің кенелмес, жерінде жайылған малға жұт болмас!» — деген екен.

Жуалы жеріндегі Ауан дейтін қара топырақты егістік аймақты көргенде: «Шөбің семіз, қарың мол, топырағың май екен, қадіріңді егін салған ел білер» — депті.

Ақмешіт (Қызылорда) тұсындағы Сыр өлкесін көргенде: «Ей, Ақмешіт, жерің шаң екен, суың жар екен. Елің жұтамас, малыңның көзіне сақ бол!» — депті.

Қарсақбай аймағын көргенде: «Айналаң жапан дүз екен, тауыңның асты жез екен, екі тауың ел біткенді шақырар, басына байлық қонар, жұртың ашықпас!» — деп, жүріп кетіпті.

Шыңғырлау өзенін көргенде Асан Желмаясынан түсе қалып, көлігін суарады: «Жылқының өзі өскен жоқ, Шыңғырлау, сен өсірген екенсің!» — деп қонып кетіпті.

Бірақ Асан қайғы шұрайлы қоныс, нулы өлке таба алмай, Ұлытаудың бас жағына келіп дүниеден көшіпті.

Тапсырма:

«Әдебиет лотосы» әдісі бойынша жинаған ақпараттарын нақты дәлелдер келтіре отырып, кестеге толтырындар

Мәтін атауы	Авторы	Кейіпкері Қандай?	Қандай жағымды қасиеттері мен қылықтары ұнайды?	Кейіпкерге ұқсағың келе ме, жоқ па?	Себебін түсіндір.
Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау  бағалау парақтары			«Аяқталмаған сөйлем» тәсілі «Мұғалімге жеделхат» тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындалады. Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады: - бүгінгі сабақта ментүсіндім, ...білдім,көзімді жеткіздім. - бүгін сабақта қуантқаны..... - мен өзімді. ...үшін мақтар едім. - маған ерекше ұнағаны..... - сабақтан соң мағанкелді. - бүгін маған сәті түсті. - қызықты болғаны..... -қиындық тудырды. - менің түсінгенім..... - енді мен аламын.

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар</u>: Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар</u>: шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар</u>: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Кездесу» ойыны Жай әуенмен екі шеңбер болып қарама – қарсы айналады, әуен тоқтаған кезде бір - біріне қарап, баланың қасиетін айтады.		Түрлі – түсті доптар
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		
Қоныстар қонған өкінбес. Арыстандай екі, Арғымақ мінген өкінбес. Кілең мұздай кілшейтіп, Көбелер киген өкінбес.				

Жұпарын қардай боратып,
 Арулар құшқан өкінбес.
 Торы төбел ат мініп,
 Той тойлаған өкінбес.
 Құрама шапшақ көп қымыз
 Құйып ішкен өкінбес.
 Екі арыстап жау шапса,
 Оқ қылқандай шаншылса,
 Қан жусандай егілсе,
 Аққан судай төгілсе,
 Бетегелі Сарыарқаның бойында
 Соғысып өлген өкінбес!

Тапсырма:

«Ассоциация» әдісі бойынша талдау жасандар

1- қадам. Шеңбер сызып ортасына тақырыптың атын жазындар

2- қадам.Дәптерлеріне сол тақырыпта өздері білетін ақпаратты жазындар

3- қадам.Сол тақырып бойынша жазғандарын талқылау немесе таныстырылым жасау

4- қадам.Тақырып бойынша алынған бүкіл ақпараттың тізімін жасанадар

Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру	Өзін-өзі бағалау		бағалау парақтары
	Кері байланыс орнату	«Өңгімелесетін әріптестер» Өткен сабаққа сілтеме жасауды көздейтін бастапқы немесе бүкіл сыныпқа арналған тапсырма ретінде оқушылар әріптестерімен: • жаңа оқылған 3 факті туралы; • оларға жеңіл болып көрінгендер туралы • оларға қиын болып көрінгендер туралы • алдағы уақытта оқығысы келген нәрселер туралы ақпарат алмасады.		

Бөлім	
Педагогтің аты-жөні	

Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар:</u> Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар:</u> шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар:</u> берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Сиқырлы жұмыртқа» ойыны Әр оқушы жұмыртқа бейнесінде берілген формаларға жаңа зат пайда болатындай етіп, аяқтап сурет салады.		Түрлі – түсті доптар
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

Арайна, билер, арайна,
 Арайна десем, болғай ма?!

Арайнасыз әр қайда
 Ердің ісі оңғай ма?!

Арайна болған Қазтуған,
 Қайғыланып сонда толғай ма?!

Ел қияға қонғай ма?

Еділ, Жайық арасы Кеңшілік
қоныс болғай ма?! Ебей басты құба
үлек Ернімен шырпы шалғай ма?!
Бұл қоныста отырып,
Біздің мұсылман баласы Жағасы
босап тынғай ма?!

Еділді қоныс етпеңіз, Жағалай
қалмақ алады. Жайықты қоныс
етпеңіз, Сыдыра біткен
көкжиек, Кәпірлер қала салады.
Аштарханды қоныс етпеңіз,
Шәһәрін оның алады.

Еділді алса - елді алар, Енді
алмаған не қалар?
Жайықты алса - жанды алар, Жанды
алған соң не қалар? Ойылды алса -
ойды алар, Ойлашы, сонда не қалар?
Қара мауыты мұшақат Бүтін
тоғай жерді алар. Жаз кіреге
жақсы деп, Дулығалы нарды
алар, Қыс кіреге жақсы деп,
Шудасы қалың айырды алар.
Сусынына шай алар, Шайнауына
май алар.

Ойыл да Қиыл, Жем, Сағыз, Қайран
саланың жатқан аңғары-ай, Ақ шалмалы
пірлердің
Мешітке жаққан шамдары-ай! Менің бүйтіп
қозғалақтап жүргенім Аузы түкті кәпірдің
Күшті болған салдары-ай!
Кәпірден тендік алуға Қайта
келер деймісің Мұсылманның
баяғы
Шыңғыстан туған хандары-ай?!

Бұл қоныстан кетпесең, Мұны
талақ етпесең, Атаңа нәлет
кәпірдің Пайдасына қалмаса игі
еді
Ноғайлы, қазақ жұртымның Кейінгі
туған балдары-ай!

Адыра қалғыр көк Жайық,
Аңырап қалған қонысым!
Қонысымнан ауған соң, Кетпегей
еді ырысым.
Таудағы тарлан бөрі едім,
Тарылған сынды тынысым. Кейінгі
өскен жас бала,
Ақ балтырын түрініп,
Басарына ерініп, Көкірегі
күйініп,
Тек тірлікке сүйініп,
Ықтиярсыз жүгіріп, Аузы
түкті кәпірдің Етпегей еді
жұмысын! Бұл қоныстан
кетпесең, Мұны талақ
етпесең, Екеу-екеу сөйлесіп,
Біздің кейінгі өскен жас бала Аузы
түкті кәпірдің
Соқпаса екен пайдасын!

Буыршынның жалғыз қырқар азуы, Бөкеннің
желіп өтер төрт саны, Бұғының ауыр қара
мүйізі, Бидайықтың жалғыз соғары,
Қашағанның ұзын құрығы,
Ақ орданың тіреу сырығы, Айдаса
- қойдың көсемі, Сөйлесе - тілдің
шешені,
Арғымағын жаз жіберіп, күз мінген, Күз
жіберіп, жаз мінген,
Жазаласа - екі жылда бір мінген,
Жолдасын жолай іздеген,
Өзіне тиген дұшпанын Қарт
бурадай тіздеген -

Мен - Қарғабойлы Қазтуған,
Қайғыланып асып барамын
Ноғайлы-қазақ елімнен!

Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/58310/

Тапсырма:

«Кейіпкерлер әлемі» әдісі бойынша кесте толтырындар

Тапсырма:

Мәтіннің атауы	Кейіпкері	Қасиеттері қалай суреттелген	Кейіпкерге берілетін баға	Ой-тұжырым, мақал-мәтел, даналық сөз

Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау «Әріптер мен сандар» Қатысушыларға мұғалім қалаған әріп не сан айтады. Қай топ 10 санағанша, әртүрлі тәсілмен бірінші құрастырып болса, солар жеңімпаз. Сергіту кезінде немесе жағымды ахуал туғызу сәтінде қолдануға болады.		бағалау парақтары
---------------	---	--	---	-------------------

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:

Сабақтың тақырыбы	Жиымбет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім»
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар:</u> Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар:</u> шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар:</u> берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Өкпені еріту» жаттығуы Тып - тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз. Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін, бұрын ренжітсін, қазір өмірде бар болсын, әлде өмірден өтіп кетті ме, оған мән бермеңіз. Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы, жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек. Оны бақытты деп біліңіз. Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз. Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз. Сіз кешірген адам кетісімен		Түрлі – түсті доптар

		сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз. Бақытты, күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз. Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз.		
Сабактың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

Еңсегей бойлы Ер Есім,
Есім, сені есірткен
Есіл де менім кеңесім.
Ес білгеннен, Есім хан,
Қолыңа болдым сүйесін,
Қолтығыңа болдым демесін.
Ертеңгі күн болғанда,
Елің кеңес құрғанда,
Айналып ақыл табарға
Есіктегі ебесін,
Сонда, ханым, не десін?!
Мен жоқ болсам, Есім хан,
Ит түрткіні көресің.
Жиымбет қайда дегенде,
Не деп жауап бересің?..
Меніменен, ханым, ойнаспа,
Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пенен аюдай.
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асау тайыңдай.
Зорлығымды сұрасаң,
Бекіре менен жайындай.
Беріктігімді сұрасаң,
Қарағай менен қайындай.
Көруші едім, Есім хан,
Ханымды күнім, сізді айымдай.
Сырым саған түзу-ді
Садаққа салған бұлыңдай.
Жұмыскерің мен едім
Сатып алған құлыңдай.
Жүруші едім араңда
Өзіңнің інің менен ұлыңдай...

Мен, өлсе, құнсыз кетер деме сенКешегі
өзіңнің ұрып өлтірген Тілеуберді
құлыңдай!
Тілеуберді құлың мен емес,
Мұның, ханым, жөн емес.
Менің ер екемді көргенсің,
Әуелден бірге жүргенсің,
Дегенімді қылғансың,
Қайратымды білгенсің.
Ағбытпа, ханым, күннен соң,Сіздің
естен кеткенмен, Біздің естен кеткен
жок:
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,Соқыр
бурыл байталға
Сонда бір жайдақ мінгенсің...
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Қаланың қасы бүлгенде, Хандар қалаға
қылаған, Сұлтандар суға сылаған,
Қаз мойынды ханшаңыз Қалада
тұрып жылаған... Тал шарбаққа
мал сақтап,Тас қалаға жан
сақтап, Тасқан екен мына хан!
Қайрылып қайыр қылуға
Қылығың жоқ ұнаған.
Қайратым қанша қайтса да,
Мұныға, ханым, шыдаман!Арқаға
қарай көшермін, Алашыма ұран
десермін, Ат құйрығын кесермін,
Ат сауырын берермін, Алыста
дәурен сүрермін, Қарамасаң,
ханым, қарама, Сенсіз де күнімді
көрермін!Өмірің қатты Есім хан,
Бүлік салып, бұйырдың Басын бер
деп батырдың - Қанын ішіп
қанбаққа, Жанын отқа салмаққа.
Атадан жалғыз мен емес,Хан
ие, ісің жол емес.

Жолбарыстай Жолымбет
 Құрбандыққа қол емес.
 Жол тосып, алып кетіпті
 Қалмақтан алмақ сыйынды.
 Қаһарынды басқалы
 Қалың елім жиылды.
 Бастап келген өзге емес,
 Жиенбет сынды биің-ді.
 Малын салып алдына,
 Әр саладан құйылды,
 Он екі ата Байұлы
 Бір Тәңірге сыйынды.

INSERT әдісі бойынша кесте толтырындар

V	+	—	?
Мәтінде бұрыннан белгілі болған терминдер мен ұғымдар тезисте жазылған.	Мәтіннен белгілі болғанның бәрі атап өтілді.	Қарама-қайшылықтар байқалады. Яғни, оқушы бұл оның білімі мен сенімдеріне қайшы келетінін айтады.	Түсініктемені қажет ететін немесе түсініксіз сәттер тізілген, мәтінді оқыған кезде туындаған сұрақтар.
Сабактың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау «Балалар философиясы» Тақырыппен таныстырып, үдерісті түсіндіріңіз. Оқушыларға ынталандыру материалдарын толығымен қарауға бірнеше минут беру керек. Оқушылар шеңберге оралғанда, жауап беруі тиіс тақырыпқа/пәнге қатысты сұрақтарды ойластыру үшін, оларға бір-екі минут беріледі. Осылайша дауыс беру және сұрақтарды талқылау анықталады. Мұғалім	 бағалау парақтары

		сұрақтарды дұрыс құра отырып, дамытатын сұрақтар қойып немесе әр оқушының қатысуын қамтамасыз ету үшін топпен бірге әрекет ете отырып, делдал ретінде қатысады..		
--	--	--	--	--

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Ақтамберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар:</u> Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар:</u> шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар:</u> берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. Жағымды сөздер. Мақсаты: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту. Қатысушылар шеңбер бойымен отырады.		Түрлі – түсті доптар

		Жүргізуші жағымды сөздер айта отырып, кез келген біреуге доп лақтырады. Допты алған ойыншы шеңбердегі қатысушылардың кез - келгенін таңдайды да, оған өз жағымды сөзін айтады, ойын жалғаса береді. Жағымды сөздер қысқа бір сөзден тұрса болады.		
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

Ақтамберді жырлары көшпенді қазақтардың ой-арманынан, мақсат-мүддесінен елес береді, сақара тұрғындарының өмір, тұрмыс жайлы түсінігін бейнелейді. Жыраудың кейбір толғауларынан халқымыздың мінез-құлық ерекшеліктері, болмысқа өзіндік көзқарасы айқын аңғарылады. Ақын өмір ағысында бір мұратқа жетем деген жан әрекет, қозғалыста болмақтығын, тірліктің бітпес күрес, рақаты мен мехнаты алма-кезек ауыс-түйіс жатқан арпалыс әлем екенін бар шығармасында құлаққағыс етіп отырады. «Күлдір-күлдір кісінетіп» атты толғауында ақын өз жырларындағы бар мұратын, барша қасиеттерді түйіндей, топтастыра толғайды. Ақын арғымақ мініп, қол бастап, елін сыртқы жаулардан қорғап, бейбіт заманға жеткізіп, өріске малы сыймай дәулеті тасып, ұрпағының санымен мерейі асып жатқан күнді көрсем деген асқақ арманын үміт пен сенімге толы осы толғауында зор шабытпен жырлаған. Толғау аллитерация-ассонанстық дыбыс қайталауларымен, түйдек-түйдек образды тіркестерімен қатар асқақ қаһармандық рухта айтылуымен ерекше әсерлі.

Тапсырма:

«Екі түрлі түсініктеме күнделігі» әдісі

1. Мәтінді мұқият оқиды. Бөліктің оң жағына мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, яғни мәтіннен үзінділерді жазады
2. Бөліктің сол жағына әсер еткен үзінділер жайында пікірін жазады (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.)

Мәтіннен үзінді	Менің пікірім

Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау «Батискаф» (Су астын байқайтын құралдармен жабдықталған, өз бетімен қозғалу қасиеті бар терең су камерасы.) Екі топ бір-біріне кезекпен сөздер жасырады. Топтың бір оқушысы қимылмен өз тобына жасырылған сөзді жеткізу керек.		бағалау парақтары

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Шалкиіз жырау «Би Темірге бірінші толғауы»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар:</u> Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар:</u> шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар:</u> берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.	Мұғаліммен амандасады.		Түрлі – түсті доптар

	Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Сәлемдесу» ойыны: Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір - бірлеріңмен тез - тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен... қолмен... иықпен... құлақпен... тіземен... иекпен... өкшемен... арқамен.		
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

Шалкиіздің бізге жеткен жырлары түгелдей азаматтық, әлеуметтік лирикаға жатады. Ол өз көңіл-күйін толғайтын бірді-екілі толғауларының өзінде де өмір заңдылығын, заман үрдісін қатар суреттеп отырады. Жырау отбасы, ошақ қасының қарапайым пендешілік халін емес, өзіне дейінгі және өз заманындағы қилы-қилы сырларға көз жібереді, өмірде көрген көп жайларын көңіл таразысына салып, қорыта толғайды, көсем көңілмен, өнегелі сөзбен ізгілікке үндейді. Шалкиіздің бір шоғыр жыры Темір биге арналады. Соның бірі – «Би Темірге бірінші толғауы». Жыраудың Би Темірге арнаулары ең алдымен сыршылдығымен ерекшеленеді. Бірінші толғаудан аспанды бұлт құрсаған, күн жауарға ұқсайтын би мен екеуінің арасында болған бір түсініспестіктің сырын іздеген жыраудың жүрегінен жарып шыққан, билеушісіне шын берілген адал ниетті жанның кіршіксіз көңілі аңғарылады. Көп ішінде бір жалғыз, Көп мұңайып жылайды. Күйбеңдескен көп жаман Сөзі тигенге ұқсайды, - деп, екеуінің арасындағы татулықты күншіл жандардың өсек сөзі бұзды ма деген күдігінен бастап, бірнеше шумаққа көңілінің бар күйін-сесін де, кегін де, айбарын да, ақыл-өсиетін де, өзі мен өзгеге берер бағасын да, ханына деген өксікті өкпесін де сыйғызады. Жырау бұл толғауында теңеулер мен метафораларды кеңінен қолданады. Толғау бастан-аяқ мақалға бергісіз дидактикалық ақыл-өсиеттен тұрады.

Тапсырма.

Жеке жұмыс

«Менің де айтарым бар...» стратегиясы бойынша оқушылар шығарманың тақырыбы мен идеясын талдайды.

Менің ойымша, өлеңнің тақырыбы...;

Идеясы...;

Өмірмен байланыстыратын болсам...;

Бұл оймен келісемін/ келіспеймін, себебі...

Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру	Өзін-өзі бағалау		бағалау парақтары
	Кері байланыс орнату	«Баяндама» әдісі Мұғалім оқушыларға мәтінді оқуға, соңынан оның мазмұнын сурет, сызба түрінде беруді ұсынады. Бұл «шпаргалканы» оқушы оң жағындағы көршісіне береді. Енді әрқайсысы өз көршісінің суреттерін не сызбаларын қолдана отырып, осы мәтін бойынша «баяндама» жасайды. «Баяндама» мазмұнын неғұрлым кең ашып, оны қорғап, ең жақсы өрнекті ұсынған оқушы жеңімпаз болады.		

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Бұқар жырау «Әй, Абылай, Абылай»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	

Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар</u>: Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар</u>: шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар</u>: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.
-------------------------	---

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Кім, нені жақсы көреді?» жаттығуы. Барлығы орындықтарға отырады. Кім, нені жақсы көреді солар орындарынан тұрады. Мысалы: Кім балмұздақты жақсы көреді, сол орнынан тұрсын...Кім өзін батырмын деп есептейді?... Кім сары түсті жақсы көреді?... Кім көп тамақ жегенді жақсы көреді?... Кім айнаға қарағанды жақсы көреді? т. б. сұрақтар қоюға болады.		Түрлі – түсті доптар
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

Бұқар жырау Қалқаманұлы 1668—1781 жылдар аралығында өмір сүрген қазақтың ұлы жырауы, ХҮІІІ ғасырда жоңғар басқыншыларына қарсы Қазақ-жоңғар соғысының бастаушысы әрі ұйымдастырушысы, атақты Абылай ханның ақылшысы. Заманындағы сыншылар оны «көмекей әулие» деген. Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөз төгіледі екен. Бұқар жырау шығармаларының тақырыптық аясы, шеңбері – жақсылық пен жамандық, ерлік пен ерлік, ізгілік пен зұлымдық, әділдік пен әдептілік, жастық пен кәрілік, татулық пен араздық, достық пен дұшпандық, адалдық пен арамдық, тектілік пен

азғындық, тұтастық пен бірлік. Бұқар жырау «Ай, Абылай» атты толғауында өзі куә болған Сабалақ атпен жүріп, Әбілмәмбет төренің түйесін баққан Абылайдың он бір жасынан бергі өмірінен деректер береді. «Батырың өтті Бөгенбай» атты толғауында Абылай ханға батыр Бөгенбайдың өмірден өткенін естіртеді. Жау көргенде аттың басын тартып көрмеген, қазақтың қамал – қорғаны болған Бөгенбай батырдың ерліктері айтылып, батыр қазасы жырланады. «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» толғауы көлемі жағынан қысқа. Жырау көлден көлге қонатын үйректердің жаз күніндегі мамыражай бейбіт қалпын сипаттай келіп, халық бірлігі мен тыныштығы тұрғысынан: «Айнала алмай ат өлсін, Айыра алмай жат өлсін. Жат бойынан түңілсін, Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз» деген өсиетімен тәмамдайды. Бұқар жырау шығармаларының қай-қайсысының да ұлт тарихы мен болмысын тануда маңызы зор.

«Әдебиет лотосы» әдісі бойынша жинаған ақпараттарын нақты дәлелдер келтіре отырып, кестеге толтырындар

Мәтін атауы	Авторы	Кейіпкері Қандай?	Қандай жағымды қасиеттері мен қылықтары ұнайды?	Кейіпкерге ұқсағың келе ме, жоқ па?	Себебін түсіндір.
Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау 			бағалау парақтары
		«БББ» әдісі Жаңа тақырып бастар алдында оқушылар үш бағаннан тұратын сурет салады - Олар нені біледі? Олар нені білгісі келеді? Олар нені білді? Миға шабуыл өткізгеннен кейін оқушылар алғашқы екі бағанды толтырады және бөлімді оқып біте бастағанда, үшіншіге			

		қайта оралады (немесе бөлімді оқу барысында толтыруы мүмкін). Ұсыным: «Қалайша оқып-үйренетін боламын?» деген қосымша баған қосуға болады.		
--	--	---	--	--

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай» жыры	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар:</u> Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар:</u> шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар:</u> берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Сантики, Фантики, Лимпопо». Барлығы шеңбер бойымен тұрып, бір баланы таңдайды да бөлменің сыртына шығарады. Шеңбердегі балалардың ішінен бір баланы жүргізуші етіп сайлайды, ол шеңбердегі балаларға қозғалыстарды көрсетіп		Түрлі – түсті доптар

		тұрады. Барлық ойыншылар жүргізушінің артынан көрсеткен қимылдарды қайталау керек. Қимылдарды қайталаған кезде жүргізушіге қарамай, білтіртпей жасау керек. Шеңбердегі балалар шапалақ ұрып, «САНТИКИ, ФАНТИКИ, ЛИМПОПО» деп айтып ойынды бастайды. Бөлме сыртында тұрған бала ойыншылардың дауыстарын естіп, бөлмеге кіреді де шеңбердің ортасына тұрып, кім жүргізуші екенін табу керек. Егер жүргізушіні тапса, жүргізуші есіктің сыртына шығады. Ойын сол ретімен жалғасып отырады.		
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің жыршысы Нысанбай Жаманкүлұлының тарихи тақырыпта жазылған Кенесары-Наурызбай дастаны алғаш рет 1875 жылы «Записки Оренбургского отдела императорского русского географического общества» журналында жарияланған. Халық арасына кең тараған дастанды 1912 жылы Қазан қаласында Жүсіпбек Шайхисламұлы жеке кітап етіп бастырған, кейін 1923 жылы Ташкентте Халел Досмұхамедұлының, 1924 жылы Нәзір Төреқұловтың алғысөздерімен кітап болып шыққан.

Қазақстанның халық жазушысы Әбділда Тәжібаев бұл дастан жөнінде: «Мұхтар Әуезов өте ірі тұлға және көреген ақын деп санаған Нысанбай XIX ғасырда өмір сүрген Кенесары ханның ең жақын достарының бірі, оның сүйікті жырауы. Нысанбай жырлаған Кене хан біздің дәуіріміздегі ең ірі тарихи дастандардың бірі және соңы деуге болады. Кене мен Наурызбайдың набыт болған күндеріне дейін барлық трагедиялық қайшылықтарын түгел жеткізе суреттеген қазақ елінің сүйікті дастаны. Бұл дастан кейін Кене ханмен бірге жабылды, оны ауызға алу қылмыс саналды. Сол ғажайып дастанның босанар күні бүгін туды. Жаңа ұрпаққа, талантты оқырман қауымға ұсыну керек» - деп жазған. Жырда Кенесарының қырғыздарға жасаған жорығы баяндалып қана қоймай, көтерілісінің шырқау биікке жетіп, әлсіреген кезі, көтеріліс басшысы хан Кененің мұздай қаруланған патша әскеріне тойтарыс беруге шамасы жетпей, атамекенінен еріксіз кетіп,

жаралы жолбарыс күйін кешкен күйзелісін бейнелейді. Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне бастан-аяқ қатысып, барлық оқиғаларды көзімен көрген Нысанбай жырау дастанда Кенесары мен Наурызбайдың бейнесін батырлық эпос үлгісімен жырлап, оларды психологиялық тұрғыдан ең бір айқын образ түрінде айшықтаған. Көтерілістің соңғы кезін терең танып, заман шындығын отарлық езгіге қарсы көтерілген халық үнімен қиюластыра шеберлікпен суреттеген жырау сондай-ақ Байұзақ, Ағыбай, Жәуке, Толыбай, Бұқарбай сынды қазақ батырларының істеген ерлігін де батырлар жыры дәстүрінде шынайы бейнелеген. Жыр көркемдік қуатымен ғана емес, тарихи деректі сипатымен де құнды. Әдебиет зерттеушісі Мұхтар Әуезов мұнда суреттелген оқиғаларға қатысты өзінің көзқарасын сездіре әділ бағасын бере отырып, жырдың көркемдік ерекшеліктеріне қатысты терең ойлар айтқан.

Тапсырма: суреттердің астына ертегінің қай кезені бейнеленгені туралы жазындар:



Сабактың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру	Өзін-өзі бағалау	Аяқталды Аяқталды Аяқталды	бағалау парақтары
	Кері байланыс орнату	«Блиц кездесу» әдісі Екі әріптес біреуі тақтаға, ал екіншісі қарама-қарсы		

		жаққа қарап отырады. Бірінші қатысушыда келесі әріптесіне өтпей тұрып, төменде келтірілген негізгі сөзді (дерді) түсіндіру үшін бар-жоғы 30 секунды бар – мұғалім түсіндіру үшін негізгі сөзді мысал ретінде келтіреді.		
--	--	---	--	--

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар:</u> Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар:</u> шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар:</u> берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Қолдағы хат» әдісі Әрқайсысы өзіне серігін таңдап, қарама - қарсы тұра қалады. Бойы ұзындау бала, көзін жұмып тұру керек. Егер бойлары бірдей болса,		Түрлі – түсті доптар

		кімнің жасы үлкен (туған күні 1 - 2 айға ертерек) бала көзін жұмады. Көзін жұмып тұрған бала қолын алға созып тұрады. Көзі ашық бала соның алақанына хат жаза бастайды, жеке тұрған баспа әріптерді. «Соқыр» ойыншы сол әріптерді табуға тырысып, не оқығанын айтып беру керек. Бір әріпті жазғаннан кейін клесіні жазар алдында бұрын жазылған әріпті өшіріп тастап отыру керек.		
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

Дулат Бабатайұлы 1802 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Сандықтас өңірінде дүниеге келген. Жасында ауыл молдасынан оқып, арабша хат таниды. Ол – өз заманының көрнекті ақыны. Дулаттың өлеңдері ауызша тараумен қатар, 1880 жылы Қазан қаласында «Өсиетнама» деген атпен кітап болып шықты. Бұнда ақынның замана туралы толғаулары енгізілген. Ақынның шығармаларын ел аузынан жазып алып, бізге жеткізген халық ақыны - Шәкір Әбенев. Дулат Бабатайұлы патшалық Ресейдің қазақ өлкесін күшпен отарлау кезеңін, одан туған зобаландарды өз көзімен көріп, соған барынша наразылық білдірген ақындардың бірі. Оның өлеңдерінің басты сарыны да осы отаршылдық әрекеттерге рухани қарсылық көрсету. Ақын “Тегімді менің сұрасаң”, “О, Сарыарқа, Сарыарқа”, “Асқар таудың сәні жоқ”, жырлары мен жеке кісілерге айтқан “Сүлейменге”, “Бараққа”, “Кеңесбайға”, т.б. арнауларында қазақ жерінің отарлануын ащына жазды. Дулаттың арнау өлеңдері ішінде "О, Ақтан жас, Ақтан жас" деген өлеңінің сипаты өзгешелеу. Жетім бала Ақтанның өмірі ақынның аяушылық сезімін қозғап, жүрегін тебірентеді, баланың болашағы көбірек толғандырады. Ол осы Ақтан баланың бойынан ел тілегін арқалап, халық басына өз еркі өзіндегі өткен дәуренін қайта оралтар ерді, батырды көргісі келеді. Ақын Ақтан бала ер жетіп, "бадана көз тоғыз тор сауыт" киіп, қашан ғана жауды қуар екен деп армандайды. Дулаттың ойынша, жігіттің даңқын шығарып, оны дегеніне жеткізетін бір-ақ жол бар. Ол – ел мақсаты үшін жан аямай күресу жолы. Ақын Ақтанның ел үміт күткен сондай жас болуынан үміттенеді. Дулат Бабатайұлының бұл өлеңі 7-8 буынды жыр үлгісінде жазылған. Тілі көркем де, шұрайлы. Әсіресе, халқымыздың бұл күнде көнерген этнографиялық атаулары молынан кездеседі.

Тапсырма:

«Кейіпкерлер әлемі» әдісі бойынша кесте толтырындар					
Мәтіннің атауы	Кейіпкері	Қасиеттері қалай суреттелген	Кейіпкерге берілетін баға	Ой-тұжырым, мақал-мәтел, даналық сөз	
Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау «Блок ортасында бағалау» Блоктың соңында бағалаған жағдайда, сізге оқушылар жолықтырған немесе жалпыға ортақ түсінбеушілік тудырған саладағы проблемаларды қарастыруға уақыт жетпей қалуы мүмкін. Бөлімді оқу барысында бағалауға уақыт беру (мысалы, 7 сабақтың бесінші сабағында) мәселені қарастыруға, ұғынуға және қайталауға мүмкіндік береді. Бұл, сонымен қатар, мұғалімге үдерісті дәлелдермен бекіте отырып, назарын түсінбеушілік туғызған салаларға аударуына мүмкіндік береді.			бағалау парақтары

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	С.Аронұлы «Сүйінбай мен Қатағанның айтысы»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар</u>: Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар</u>: шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар</u>: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Көңіл - күй неге ұқсас». Ойыншылар олардың бүгінгі көңіл - күйлері неге (қай жыл мезгіліне, ауа райына, табиғаттың құбылысына) ұқсас екенін айтып береді. Ойынды үлкен дер бастаса жақсы болар еді: «Менің қазіргі көңіл - күйім көгілдір аспандағы жылы, жұмсақ күннің көзіне ұқсайды, ал сенің ше?». Жаттығу шеңбер бойымен жалғаса береді. Ойынның сонында жауаптар қорытындыланады, бүгінгі шеңберіміздегі балалардың көңіл - күйі қандай екен: қайғылы,		Түрлі – түсті доптар

		көңілді, күлкілі, ызаланған т. б. Жауаптардың қорытындысын шығарған кезде, жаман ауа райы, суық, жанбыр, түнерген аспан сияқты элементтер агрессивті, қобалжу күйлердің көрсеткіштеріне назар аударыңыз.		
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

*Ассалаумағалейкүм, сәлем бердік,
Мүбәрәк жүздеріңді жаңа көрдік.
Атақты ас жиынды құттықтауға,
Бауырлас қырғыз елі, саған келдік.
Жүйріктер қосылмаған қою шаңға,
Қосылар қыран бүркіт, қашқан аңға.
Хан Жантай, Қара Бәйтік, Әтекеңе,
Келіп ек амандаса Орманханға.
Арғы атаң ер Әтеке, батыр Жантай,
Басына киді бөрік қызыл алтай.
Қанаттас қырғыз елін көрмек үшін,
Боларын осы астың күттік алты ай.
Бас қосқан екі халық бұл жиында,
Келген соң сөйлеу керек сөзден қайтпай.
Қол жайып, құран оқып өткендерге,
Әруағын атаң, қырғыз, келдім жоқтай.
Алдына қалың қырғыз келгеннен соң,
Жарай ма қайтып кету көңіл айтпай?!
Қырағы аспандағы ақиықпын,
Құмары басылмайтын борандатпай.
Сүйінбай осылай деп тоқтағанда, Бәйтіктің тасасында отырған қағылез
қайыстай қара жігіт қарғып тұрып пернесі жоқ қомузын жоғары төмен түсіре
ойната сабалап, ашшы айқайдан бет ауызы құбылып ашуын тоқтата алмай:
Ау, Сүйінбай, Сүйінбай,
Тоқтат енді сөзіңді.
Ояйын ба көзіңді!
Ақынмын деп ойлайсың,
Мен тұрғанда өзіңді.
Басыңнан өлең жаудырып,
Бір құрайын тезімді.
Барың болса қарышта,
Барар жерің сезілді.*

*Келіп қапсың байқамай,
 Өлетұғын жеріңе.
 Қазулы тұрған көріңе,
 Көрсетейін көзіңе.
 Ажал айдап келген соң,
 Саған өлім тегінді.
 Тентіреп жүріп қаңғырып,
 Былғама шалқар көлімді.
 Қара жалым Орманхан,
 Жантай, Бәйтік бегімді.
 Сыртыңнан іздеп, жүрші ем,
 Келтірді Құдай кезінді.
 Түстіңбе бәлем, қолыма,
 Үрлейін мес қып теріңді.
 Қатырлатып шайнайын,
 Қыбырлаған жеріңді!*

Айтысқа жарнама құрастырындар.

AIDA формуласын жарнамаңыз өтімді болу үшін қолданып көру керек.

- A (attention) –назар аудару
- I (interest) – қызығушылық таныту
- D (desire) – ынтасын ояту
- A (action) – әрекет ету

Жарнама ақпараты өзіне назар аударуы тиіс және өзіне деген қызығушылықты ұстап қалып, оқырманды ақпараттың мәтінімен толықтай таныстырып, оқырманның Сізге керекті іс-әрекет етуге деген ынтасын оятып, оны әрекет етуге биімдеуі тиіс.

Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру	Өзін-өзі бағалау		бағалау парақтары
	Кері байланыс орнату	«Боди-арт» Барлық қатысушылар бірінің артына бірі тұрады. Соңғы ойыншы алдыңғының арқасына өзі қалаған суретті салады, ол ойыншы ненің суретін сезінгенін өзінің		

		алдындағы оқушыға салады. Осылайша алдыңғы қатысушыға дейін сурет салу жалғасады. Соңғы және бірінші баланың суреттері салыстырылып, кімнің тұсынан ағаттық кеткені анықталады. Жағымды ахуал туады. Екі қатарға тұрып, қай қатардың нәтижесі әрі тез, әрі дұрыс болғандығын салыстырып, жарыстыруға да болады.		
--	--	--	--	--

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Мұрат Мөңкеұлы «Сарыарқа» өлеңі	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар</u> : Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар</u> : шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар</u> : берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады.		Түрлі – түсті доптар

	Психологиялық ахуал орнату	«Тасбақалардың жүгірісі». Бұл жүгірудің еркекшелігі, мәреге ең соңғы келген ойыншы жеңеді. Ойыншылар бөлменің бір жағына қатарлап тұрады, содан соң қарама - қарсы жаққа «жүгіреді». Бір орында тұруға болмайды. Барлығы қимыл - қозғалыста болуы қажет. Қимылдары баяу болады. Ең соңғы мәреге жеткен «тасбақа» жеңіске ие болады.		
Сабактың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

Мұрат Мөңкеұлы 1843 жылы қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға өңірінде туған. Мұрат өмір сүрген уақыт патшалық отаршылдық мейлінше дәуірлеп, қазақ жерінің талауға түскен, халқының зорлық-зомбылыққа душар болған шағы еді. Патша үкіметінің тарапынан жүргізілген реформалар нәтижесінде ел билеу жүйесіне өзгерістер енгізіліп, халықтық салт-дәстүрлердің қоғамдық-әлеуметтік тамыры жойыла бастады. Міне, осы тұста Мұрат сынды ақындар халықтың басына түскен ауыртпалықты жырға қосты. Мұрат мұрасын зерттеген Бауыржан Омарұлы былай дейді: «Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян», «Сарыарқа», «Әттең, бір қапы дүние-ай» сияқты толғау-дастандарында қазақ жерін отарлаушыларды батыл әшкерелеп, озбыр саясатқа қаймықпай қарсы тұрды». «Зар заман» дәуірі поэзиясының қатарында Мұраттың «Үш қиян» «Сарыарқа» атты толғауларының орны ерекше. Аталған екі толғауда да ақынның ата-бабаларымыздың қасық қаны қалғанша қорғаған жерін отарлаушылардың табанының астына таптатқысы келмеген жан күйзелісі көрініс тапқан.

Стратегия «5:5:1» Тыңдаушылар бүгінгі тақырып бойынша

1қадам. 5 сөйлем жазыңыздар.

2қадам. 5 сөйлемнен 5 негізгі ұғымды қалдырыңыздар.

3қадам. Бүгінгі тақырыптың мәнін анықтайтын 1 ұғымды таңдаңыздар.

Сабактың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау «Борт журналы» «Борт журналы» - тақырыпты оқып үйренуде		бағалау парақтары
---------------	---	--	---	-------------------

		өз ойларын жазуға үйретудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін қамтитын жалпылама атауы. «Борт журналы» қарапайым түрде мәтінді оқу алдында және оқу материалымен танысқан соң қолданылады. Оқушылар келесі сұрақтарға жауап жазады: Берілген тақырып бойынша маған не белгілі? Мен не білемін? Мәтіннен қандай жаңалық туралы білдім?		
--	--	---	--	--

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар</u> : Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар</u> : шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар</u> : берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады.		Түрлі – түсті доптар

	Психологиялық ахуал орнату	«Көкөністер арқылы ұрысамыз» Бұл ойында балалар ұрысқан кезде бір - біріне жаман сөздердің орнына көкөністердің атаулары арқылы ұрысады.		
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

1.Берілген сөйлемдерді әңгіме мазмұнындағы сөзбен толықтыр?

1. Қабырғаның бойына келген соң, Сейіткүл қолына кетпен алып, ... үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кірісті. (отыз)

2. Соның бәрін де шамалап,ақыр бір қиялға түсіп,..... әуелі мекен еткендей бір іздейді.

3. Сейіткүлдың бір ағасы бар еді,жол жүріп,ұрлық,барымтаны әдет еткен; інісінің қанша айтқан ақылына болмай,

үймен жалғыз-ақ сол көшпей,ескі орныжағында қалды.

4.Мұны көріп,әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп, жылда Сейіткүл елі деген үйге таянды дейді.

Талдау. «Қыпшақ Сейткүл қандай адам?» деген сұрақ бойынша Сейткүл бейнесін көрсет.

Еңбекқор

Көпшіл

Т.б толықтырып жазыңыз.

Сейіткүл

Концептуалды кесте толтыру.(Топтық жұмыс)

Кейіпкерлер	Іс-әрекеті	қасиеті	Тұжырым
Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау «Бөлмедегі заттар»	 бағалау парақтары

		Сабаққа рефлексия жасау үшін әр оқушы бөлмедегі бір жансыз заттың атын жазады. Қағаздар жиналып, әр оқушы бір қағаздан суырып алады да, сол заттың атынан бүгінгі сабақ, өзінің оған қатысы туралы сөйлейді. Мысалы: «Мен столмын. Бүгін маған тыныштық болмады. Алдымен, топқа бөліну үшін құлағымнан ұстап алып жан-жаққа сүйреледі. Содан соң үстіме қағаздар жайып тастап, постер сызды. Мен бүгін «Сын есімнің түрленуі оның шырай формасына енуі екенін. Шырайдың екі түрі болатынын айтып бере аламын.» т.с.с. жалғасып кете береді.		
--	--	--	--	--

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Абай Құнанбайұлы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар</u> : Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар</u> : шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар</u> : берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.	Мұғаліммен амандасады.		Түрлі – түсті доптар

	Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Тыныштықты жақсы көретін патша» Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады. Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына		
--	---	--	--	--

Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау «Броундық қозғалыс». Сынып ішіне тақырыпқа қатысты мәліметтер мен ақпараттар орналастырылады. Оқушылар бүкіл сынып ішінде қозғала жүріп, берілген тақырып бойынша ақпарат жинайды.		бағалау парақтары
---------------	---	--	---	-------------------

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	III.Құдайбердіұлы «Жастарға» өлеңі	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар:</u> Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар:</u> шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар:</u> берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Бұл кім?» әдісі		Түрлі – түсті доптар


		Жүргізуші (мұғалім немесе әдейі дайындалған оқушы) сыныптағы бір оқушыны ауызша сипаттайды: оның бет әлпетін, сыртқы пішінін, киімін, сөйлеу мәнерін, әдеттерін т.б.келтіреді. Әрине, ол оқушының есімін атауға болмайды және де сипаттардың барлығы да жағымды тұрғыдан болуы керек, мұнда оқушыны мақтаған дұрыс. Бір-екі сипаттан кейін жүргізуші оқушылардан: «Бұл кім? Сіздер таптыңыздар ма?» деп сұрап, олардың жауаптарын тыңдайды. Оқушылар таппаса, сипаттауды әрі қарай жалғастыра береді. Мысалы, «Бұл оқушының күлкісі өте әдемі. Ол ақ жейде киген...Ол кім?... Бұл оқушыны жолдастары сыйлайды. Оның қолында қаламсап бар... Ол кім?...». Бұл ойсергек оқушылардың бір-біріне деген ынта-ықыластарын арттыруға бағытталған: оқушылар өздері және өзге жолдастары туралы әңгімелерді өте ұнатады.		
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		
Шәкәрімнің оқырманды адамгершілікке, өнер-білімге, кіршіксіз махаббатқа шақырған туындыларынан үлкен ғибратты ой түюге болады. Ақынның 1879 жылы жазылған «Жастарға» өлеңінің тақырыбы – Абай көтерген білім алу, азамат болу идеясы. Ол қазақы қоғамда парасатты, білімді, әрі ойшыл жан деп Абайды таниды. Ақын Абайдың биік рухын, асқақ арман-мақсаттарын, даналық тұлғасын жан-жақты ашып, жастарға үлгі ретінде көрсетеді. Туындының шағын үзіндісі «Қазақ әдебиеті» газетінің 1959 жылғы 9 қаңтардағы санында «Абай үлгісі» деген				

атпен, толық нұсқасы «Өркен» газетінің 1988 жылғы №43-45 санында жарияланған.

Қызықты

Қиын

Құнды



Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау «Былғары қолғап» Ойын шарты: үш адамнан тұратын топтарға бөлініңдер: екі ойыншы, бір төреші. Мұғалім нұсқаған уақытта берілген тақырып бойынша сұрақ-жауап сағатын ұйымдастырасыңдар. Ол қарсыласың тоқтап қалғанша жалғаса береді. Төреші есеп жүргізіп отырады. Рөлдермен ауысып жүргізуге болады.		бағалау парақтары
---------------	---	---	---	-------------------

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Махамбет Өтемісұлы «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар:</u> Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар:</u> шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды.	

Кейбір оқушылар: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Бұлт үстіндегі саяхат» Нұсқау: көздеріңді жауып, ыңғайлы отырыңдар. Екі-үш рет терең дем алыңдар. Мен сендерді бұлт үстімен саяхатқа шақырмақшымын. Томпақ жастықтардан құралған жұмсақ тауға ұқсаған аппақ мамық бұлт үстіне секіріңдер. Аяқтарың, арқаларың, барлық денең осы үлкен бұлт жастыққа ыңғайлы орналасқанын сезініңдер. Саяхат басталады. Бұлт жайлап, көк аспанға көтеріледі. Самал жел беттеріңнен сипайды. Мұнда. Биік аспанда мүлгіген тыныштық орнаған. Бұлт сендерді өздеріңді бақытты сезінетін жерге жеткізеді. Бұл жерде сендер өздеріңді байсалды сезінесіңдер. Осы жерде ғажайып және таңқаларлық оқиға орын алуы мүмкін... (30 секунд). Енді сендер тағы да бұлт үстіндесіңдер. Ол сендерді қайтадан сынып ішіне әкеле жатыр. Бұлттан түсіп, оған рақмет айтыңдар.. Бұлт ақырындап ауада ери		Түрлі – түсті доптар

		бастайды. Қолдарыңды созып, көздеріңді ашыңдар, сендер сергек, ширақ, зейіндісіңдер.		
Сабактың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		
Баймағамбет сұлтаным, Сұлтандардың ішінде, Сендер бір атадан Анайы туған сұңқарым. Сендер бір қайыңға, Қарсы біткен бұтақсың, Шауып едім балтам кетілді, Қайрап едім тағы жетілді, Атпай, шаппай олжа еттің, Махамбет сынды жетімді. Заманымда болған патшам деп, Алдияр тақыр әділ хан, Айта келдім өтілді. Қасарған жерден қан алған, Қас патшам сен едің. Қамалғанда қап түбінде жатпасаң, Қас қарашың мен едім. Ойлай білсең тақсыр-ау! Қарашығыңның қай бірінен кем едім? Есіктегі күнің мен құлыңа теңедің. Бетіме жетіміндейдей қарадың; Ханнан кегім ала алмай, Арқаның алпыс екі саласына барғаным; Қас үліктей нар керек, Біздің бүйткен бұл іске Қабырғасын қаусатып, Бірін – бірі сөксе де Қабағын шытпас ер керек. Біздің бүйткен бұл іске, Атаңа нәлет айттырып, Ат басына соқтырып, Біздің қазақ баласы Бүйткен лағнет жүрісің. Айда қардай арбадың, Арбадың да қалмадың,				

Қайрат қылар ерің біз болсақ,
 Заманымда болған сұлтаным,
 Алай ма сұлтан алай ма?
 Астыңа мінген арғымақ,
 Аяндай түсіп жарай ма?
 Арғымақ деген жығылғыр,
 Найза бойы жар көрсе,
 Жабыдайын жалтаңдап
 Жануар түсер жерін қарай ма?
 Арғымақ атқа айдай таға қақтырсам,
 Кілегей қатқан Еділдің,
 Көкше мұздан таяр ма?
 Атаның ұлы жақсыға,
 Малың бер де басың қос,
 Басыңды қос та бек силас;
 Күндердің күні болғанда,
 Жетесі жаман болмаса,
 Шыбын жанын аяр ма?
 Қалы кілем қара нар
 Жарасады қатарға:
 Аруана жисаң жарасар,
 Ол күнінде сапарға.
 Қамалаған көп дұшман
 Халықта бар да менде жоқ,
 Арызымды айтарға.

Тапсырма:

«Болжам кестесі» әдісі бойынша кестені толтырындар

1. Үзіндіде айтылған ойды бірінші бағанға жазу
2. Өз болжамдарымен менің болжамым кестенің 2-бағанына жазады.
3. Жоламалын түпнұсқамен салыстыр
4. Басты идеясын анықтап, 4-бағанды толтырады

Үзіндіде айтылған ой	Менің болжамым	Түпнұсқа	Басты идея

Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау «Білетініңіздің барлығы» Оқушылар тарауды оқуға кірісудің басында _____ туралы не білетініңіз барлығын жазады. Сосын мұғалім қайталауды болдырмас үшін, алынған ақпаратты пайдалана отырып, оқуды тиісті жолмен жүргізеді.		бағалау парақтары

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Ш.Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар:</u> Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар:</u> шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар:</u> берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы


Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады.		Түрлі – түсті доптар

	таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	«Біз де» Ойынның шарты: Әңгімені зейін сала тыңдап, бұрыс пікірге қосылмау керек. 1. Мен өзенге бардым. «Біз де!» 2. Онда үйрек ұстап алдым. «Біз де!» 3. Үйректің жартысын итім жеп қойды. «Біз де!» Осыны айтып қалған оқушылар ойыннан шығады.		
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

Шоқанның «Ыстықкөл күнделігі» зерттеу еңбегіне өзінің 1856 жылдың 18 сәуірінен шілде айының ортасына дейінгі мерзімде жасаған экспедициясының материалдары негіз болған. Бұл күнделік есепті жазбаның, әсіресе географиялық таным-түсінікті арттыруда, білім көкжиегін кеңеуде маңызы зор. Дегенмен Шоқанның жан-жақтылығын ескерер болсақ, бұл еңбектен де біз әдебиетке қатысты, халықтың әдет-ғұрыптық, салт-саналық көзқарасын танытатын этнографиялық материалдарды кезіктіреміз. Зерттеуші жүріп өткен жерлерінің табиғатын, өсімдіктер, жануарлар әлемін сипаттаумен бірге, тұрғын халықтың тұрмысы мен тіршілігі, күнделікті тұтынатын заттары туралы құнды деректер жазып қалдырған. Жазбада ауа райының қолайсыздығынан Қозы Көрпеш-Баян сұлу мазарына барып тұрып, түсе алмағандығын Шоқан өкінішпен еске алып айтады. Шоқанның «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын ел ішіндегі жыршылар аузынан жазып алып, бірнеше нұсқасын жинап, салыстырып зерттегенін ескерер болсақ, оның бұл өкінішіне түсіністікпен қарауға болады. Жол бойы қазақ-қырғыз жерін басып өткен Шоқан тұрғын халықтың ауыз әдебиетін жақсы білетін қарапайым адамдарынан материал жинап отырғандығы байқалады. Осы ретте қырғыз адамына айтқызып тыңдаған «Манас» жырына түсінік беріп, оның ерекшеліктеріне көңіл қояды. Жолай кездескен ауылдардан жоқтау жырын естіп, өзіндік пайымын білдіреді және ел арасындағы қорымдар мен ескерткіш белгілеріне, жер атауларына назар аударып, олардың ерекшеліктеріне тоқталып, тарихына байланысты туған аңыздарға түсінік беріп өтеді.

Ш.Уалихановтың зерттелерінің рөлін анықтап «9 алмаз» кестесін толтырыңыздар

9 алмаз



Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру	Өзін-өзі бағалау	бағалау парақтары
	Кері байланыс орнату	«Білімдарлар» әдісі Ең алдымен, ойынның басында «білгірлер» анықталады, олар өздеріне топ құрады. Ойынға қатысушылар топтары бойынша парта басына отырады. Бір топ тақта жанында қалады. Басқа топтардың өкілдері оларға оқылған тақырыптары бойынша сұрақтар қояды. Топтың сұрақты өз ішінде талдауы 20 секунд қана жүреді де, бір оқушы жауап береді (кезекпен). Жеңімпаз топ дұрыс жауаптар мөлшерімен анықталады.	

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Ахмет Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы	

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар</u>: Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар</u>: шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар</u>: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Бір қадам алға...» Мұғалім есіктен кіргеннен өткен материалдарға байланысты сұрақтар қояды. Жауап дұрыс болса, бір қадам алға жылжиды, қате болса, бір қадам артқа шегінеді. Мұғалім столына жеткенше, бірнеше сұрақ қою арқылы оқушылардың зейінін сабаққа шоғырландырып алады.		Түрлі – түсті доптар
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

А.Байтұрсынұлы орыс мысалшысы Иван Андреевич Крылов туындыларын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарады. Тақырыптық ауқымы кең, көбіне өлең үлгісінде жазылатын мысалдардың кейіпкерлері көбіне аң, құс, өсімдіктер, кейде адамдар да болып келеді. Мысал өлеңдерде қоғамдағы адамдыққа жат қылықтар, адам бойында кездесетін келеңсіз мінез-құлықтар сыналады. Соңы ғибратты түйіндемемен аяқталып отырады. «Егіннің бастары» - «Қырық мысал» жинағындағы мысал

өлеңдердің бірі. Өлеңде егіс даласын аралап келе жатқан әке мен баланың диалогы арқылы тәрбиелік мәні терең ой айтылады. Бастарын төмен салып иіліп тұрған бидайлардың ішінде жалғыз-ақ бір ғана түп бидайдың басын көкке көтеріп, өзін өзгелермен тең көрмей шікірейіп тұруын әкесі бидайдың басында бірде-бір дәні болмағандығынан деп түсіндіреді. Шығарманың өзекті ойын автор әкесінің баласына айтқан «осы бидай сияқты басын көкке көтерген тәкаппар, бірақ іші қуыс адамдар көп, мұндайды үлгі тұтпа» деген ақыл-насихатымен түйіндейді.

Тапсырма: суреттердің астына ертегінің қай кезені бейнеленгені туралы жазындар:

				
				
Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау «Бір ауыз сөз» Оқушылар стикерлерге сабақ туралы бір ғана сөз жазып, оны тақтаға жапсырады. Өз ойларын түсіндіріп береді. Стикерлерге сабақты бағалайтын келесі сөздерді	Іңір жасымы Ойымды Сөзімді	бағалау парақтары

		жазуға болады (оларды тақтаға алдын-ала тақтаға жазып қойған дұрыс): ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым т.б		
--	--	--	--	--

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» хикаяты	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар</u> : Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар</u> : шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар</u> : берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Бірлік» Оқушылар шағын топ құрамында бір қолын жұдырыққа жұмып, бір мезгілде саусақтарын ашады. Мақсат: оқушылардың барлығы да бірдей саусақ санын көрсетуі керек. Ойын оқушылардың біркелкі		Түрлі – түсті доптар

		саусақ көрсеткенге дейін жалғасады. Ойын кезінде оқушылар сөйлеспеуі керек.		
Сабактың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

<https://www.youtube.com/watch?v=iZXzGWKfDrI>

Қожа мен Жантасқа мінездеме беру

Қожа	Жантас

Тапсырма:

Сөздерге дәлел ізде. Мәтіндермен сәйкестендір. Ойыңды бір сөйлеммен жаз

Ізденімпаз (көп ізденеді)		Ол өз атын ұнатпайды. Мысалы, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттар – әдемі аттар. Қазақ тілі мұғалімі Майқанова апай айтқандай, жоғары идеялы есімдер. Егер оған өз атын өзіне қойдырса, басқа атты таңдар еді. Бірақ амал жоқ. Ол кішкентай болғанда есімді үлкендер қойды. Енді осы атпен өмір сүруі керек. Оның аты – Қожа
Ойшыл (көп ойланады)		Олар – бір сыныпта екі Қожа. Сүттібайдың үлкен баласының да аты – Қожа. Оқушылар екеуін шатастырмас үшін түрлеріне қарап, бірін Қара Қожа, екіншісін Сары Қожа деп атайды. Басында Қожа бұған ашуланатын. Бірақ кейін үйреніп кетті.
Тіл табысқыш (адамдарды түсінеді)		Жуырда ол газеттен қытайлардың ат қоюы туралы оқыды. Қытайлардың ат қоюы қызық болады екен. Балаға бес-алты жасқа дейін ат қоймайды. Оны «Ортаншым», «Тәттім», «Ботам» және тағы басқа әр түрлі аттармен атайды. Бес-алты жасқа келгенде бала өзіне қандай есім ұнаса, соны таңдап алады. Міне, әділдік деген.

Тапсырма:

Хикая бойынша келесі әдісті толтырындар:

GREAT формуласы:

G (GROUNDBREAKING) ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ
 R (REMEMBERED) – ЕСТЕ САҚТАУ
 E (EVENTS) – ОҚИҒАНЫҢ АУҚЫМДЫ ТАРАЛУЫ
 A (AFFECTED) – БОЛАШАҚҚА ӘСЕРІ
 T (TERRIFYING) – ҚАУП

Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру	Өзін-өзі бағалау		бағалау парақтары
	Кері байланыс орнату	«Бірге ойлаймыз» Бұл сыныбыңызда талқылауға және диалогқа ықпал ететін және «Қолыңды көтеріп адамға сену» көзқарасынан бас тартуға көмектесетін жақсы тәсілі. 1. Оқушыларды 4 адамнан тұратын топқа бөліп, әр оқушыға 1-ден 4-ке дейін нөмір беріңіз. 2. Одан кейін сіз оқушыларға топта талқылау үшін сұрақ қоясыз. Берілген уақыт біткеннен кейін, олар өз жауаптарын планшетке жазады және сыныппен бөліседі. Сізге балалар арасында бәсекелестік тудыру үшін ұпай есептеу жүйесін пайдалануға болады. Одан кейін барған сайын күрделілігі артатын сұрақтарды пайдалана отырып, сипатталған қадамдарды қайталайсыз.		

Бөлім	
Педагогтің аты-жөні	

Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	С.Торайғыров «Шығамын тірі болсам адам болып»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар:</u> Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар:</u> шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар:</u> берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы


Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Бір сөйлеммен түйіндеу» Оқушылар олардың тақырып бойынша білімдерін түйіндейтін бір сөйлем жазады. Сөйлемдер кім, не, қашан, неліктен, қалай, қай жерде және т.б. сөздерден тұруы мүмкін. Содан кейін сөйлемдерді сыныптастар бағалай алады, немесе көшіріп жазады, т.б.		Түрлі – түсті доптар
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		

Қысқа ғана ғұмырында артына өлшеусіз мұра қалдырған, қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасымен дараланған ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың саналы ғұмыры білім алуға деген ұмтылыспен, талаптанып ізденумен өткен. Елінің келешегі өнер мен білімде деп білген ақынның мақсаты оқу оқып адам болу, туған

халқына пайдасын тигізіп, жарық күні болу, надандықпен күресіп, еліне білімнің сәулесін шашу болатын. Сондықтан да ақынның мұндай тақырыптағы өлеңдері өткір, өр рухты болып келеді. Ізденіс, ұмтылыс сарынындағы «Шығамын тірі болсам адам болып» өлеңінде ақынның лирикалық кейіпкері жалынды сөздерімен өжет мінез көрсетеді. Бұл өлеңдегі лирикалық кейіпкер – ақынның өзі. Өлеңде адам болу, толыққанды азамат болу мақсатын, ақындық ұстанымын танытады. Танытып қана қоймай, өзіне-өзі серт береді. Надандықпен аяспас күреске түсіп, жарығы көмескі жұлдыз емес, сәулелі толған айдай болу мақсатын білдіреді. Бұл оның өміріндегі басты мақсаты болатын. Ал оның кілті – білімде деп ұғатын ақын, осы сертте орындамай, «елдің бетін көрмен» деп өзіне қатал үкім де шығарады.

Тапсырма:

«Оқиға картасы» әдісі бойынша мәтінде қарастырылған оқиға тізбегін сюжет желісіне /басталуы, дамуы, байланысы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі/ сәйкес негізгі оқиғалардың суретін картаға салындар.



Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау «Веер» әдісі Қағазды веер пішінінде бүктеп, бірінші оқушы бір бөлігіне сабаққа қатысты сұрақтар жазып шығады, екінші оқушы екінші		бағалау парақтары
---------------	---	--	---	-------------------

		бөлігіне қысқаша жауап жазып тапсырады.		
--	--	---	--	--

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	М.Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар:</u> Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар:</u> шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар:</u> берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу Психологиялық ахуал орнату	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. «Даналық ағашы» Оқушылар ішінен бір жүргізуші сайланады. Жүргізушінің қолында қорап немесе сандықша болуы керек. Оқушылар тақырып бойынша ашық сұрақтар құрастырып, жүргізушіге береді. Сұрақтар құрастырылып біткен соң, оқушылар сандықшадан кез келген сұрақты алып, дауыстап оқиды, толық жауап беруге тырысады. Қойылған сұрақпен		Түрлі – түсті доптар

		берілген жауап бағаланады.		
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		
XX ғасырдың 20-жылдарында қазақтың эпикалық поэзиясының жетістігі ретінде жазылған шығарманың бірі - Мағжан Жұмабайұлының «Батыр Баян» поэмасы. «Батыр Баян» поэмасы 1923 жылы жазылып, жарыққа шыққан. Көркемдік дәрежесі тұрғысынан «Батыр Баян» поэмасы қазақ эпикалық поэзиясының жеткен биік бір белесі болып саналады. «Батыр Баян» поэмасы XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының шындығын, жоңғар шапқыншылығы кезіндегі халді, ел бірлігі мен ерлігін айшықты бейнелейтін екі тараудан тұратын көлемді шығарма. Поэманың басты кейіпкері Баян Қасаболатұлы XVIII ғасырда өмір сүрген, жоңғар-қазақ арасындағы соғыстарда ерен ерлігімен көзге түскен қазақ батыры. Автор бұл жырда тек тарихи оқиғаны баяндап беруді емес, осы оқиғамен сабақтастыра, Баянның басындағы ауыр сезімдік халді, махаббат пен намыс, адам бойындағы көзсіз ашу мен қызғаныш салдарынан болған жайды суреттеуді мақсат тұтқан. Қалмақтан алып келген сұлудың өзіне мойын бұрмай, інісі Ноянмен сөз байласып, қалмақ еліне бірге қашуы Баянның намысын аяқасты етіп, ақылын тұмандатып, Ноян мен оның ғашығын өлтіруіне әкеп соғады. Ашу үстіндегі және ауыр өлімнен соңғы Баянның жан дүниесіндегі ой арпалыстары оның ішкі сезім қайшылықтарын ашып береді. Осыдан соң елге оралмасқа серт берген Баян жорыққа аттанған Абылай хан қосынына қосылып, қалмаққа аттанады. Өкініштен өзегі өртенген, бойын ыза буған батыр ханның келісімінсіз жауға шауып, ерлікпен қаза табады. Поэмадағы басты кейіпкер Баян ерлік, өжеттік, отансүйгіштік, азаматтық ажарымен қатар, сезім тереңдігімен де шебер бейнеленеді. Тапсырма: «Данышпан үкілер» әдісі бойынша мәтінге талдау жасандар 1. Маңызды өмірлік даналық. Мәтіннің негізгі ойын бір сөйлеммен білдіріңіз. 2. Таныс және таныс емес. Мәтіннен сізге алдында таныс болған және мүлдем таныс емес ақпаратты табыңыз. 3. Иллюстрациялық бейнелеу. Мәтіннің негізгі ойын сурет, сызба, карикатура т.б. арқылы бейнелеп көріңіз. Үлгі боларлық қорытынды. Оқыған мәтіннен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығаруға бола ма?				
Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау «DEAL» әдісі		бағалау парақтары

		D – Describe – баяндау, суреттеу (оқығанды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу). E – Explain – түсіндіру (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу). A – Analyse – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау). L – Links – байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру).		
--	--	---	--	--

Бөлім		
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	М.Әуезов «Көксерек» әңгімесі	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дүниежүзіндегі тарихи оқиғалар мен көріністерді адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра отырып қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау	
Сабақтың мақсаты	<u>Барлық оқушылар</u> : Берілген тақырыпты ашып, әңгімелеп айтады, негізгі ойды ашады. <u>Көптеген оқушылар</u> : шығармашылыққа негізделген тапсырмаларды орындайды. <u>Кейбір оқушылар</u> : берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру, жаңа тақырыпқа шолу	Мұғаліммен амандасады. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады.		Түрлі – түсті доптар

	Психологиялық ахуал орнату	«Дизайн» әдісі Әр оқушы өзінің қандай жансыз зат екенін айтады. Дизайнер келіп оларды өз талғамымен орналастырады. Ең бастысы, бәрін өз орнына тиімді орналастыра білу. Сабақта да солай әр жұмыстың өз қызметі, өз орны бар. Орнымен жұмсасақ қана нәтиже болатынын білдіру		
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырыпты түсінуге бағытталған бағытталған оқыту ортасын құрады	Мұғалім ұсынған тапсырмаларды орындайды		
https Тапсырма:				

Тұжырым кестесі	себебі
Сегіз аптадан кейін ғалымдар күшіктердің бойынан өзгеше мінез байқай бастады.	
Иттердің бойында адаммен бір болуға деген ынта болады, ал қасқырларда...	
Қасқырлар иттер секілді үйретуге көнбейді және өте өзімшіл болып шықты және тәртіпке...	
Бөлтіріктер өздерін жабайы табиғатта...	
Олардың мінез құлықтары күннен күнге..., екі айдан кейін қасқырларды үйде ұстау өте...	
Төрт ай өткеннен кейін қасқырлар қорыққа қайтарылды. Неге?	
Осы ерекше тәжірибе қасқырлардың өсіп-жетілуіне тәрбиенің әсері... қолға... дәлелдеп берді.	

Қорытынды тапсырма:

ЖАЗУШЫЛАР	ШЫҒАРМАЛАРЫ	НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ	СІЗДІҢ ШІКІРІҢІЗ

Сабақтың аяғы	Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру Кері байланыс орнату	Өзін-өзі бағалау «Динамикалық шеңбер» әдісі		бағалау парақтары
---------------	---	--	---	-------------------

		Оқушылар коридорға шығып, ішкі және сыртқа шеңберге бөлінеді. Сыртқы шеңбердегілер қозғалмай тұрады, ал ішкі шеңбердегілер берілген тапсырмалар бойынша білетіндерін айтып келесі жұбына бір айналым жасап шыққанша қозғалады. Сыртқы шеңбердегілер сол тақырып бойынша жасаған қорытындыларын сыныпқа келіп айтады.		
--	--	---	--	--

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрмаханов Ж. Лириканы оқыту. Алматы, 1992.
2. Маранцман Б., Чирковская Т. Проблемное изучение литературного произведения в школе. М., Просвещение, 1977.
3. Рез З. Изучение лирических произведений в школе М., 1968.
4. Кудряшев Н. Взаимосвязь методов обучения на уроках литературы. М., 1969.
5. Қирабаев С. Мектеп және қазақ әдебиеті. А., Мектеп, 1979.
6. Дайырова Ә. Орта мектепте І.Жансүгіров творчествосын оқыту. А., 1969.
7. Қалиев С. Мектепте Ғ.Мүсірепов шығармаларын оқыту. А., 1974.
8. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. А., 1981.
9. Мақыров С. Әдебиеттен шығарма жұмыстары. А., 1987.
10. Мәшһәр Жүсіп Қ. Көркем сөздің құдыреті (Мектепте қазақ әдебиетін оқыту). Павлодар, 2000.
11. Прессман Л. Кабинет литературы. М., 1975.
12. Бадыраков Қ. Жоғары кластарда қазақ әдебиетінен тапсырма жүйесі. А., 1977.
13. Рубинштейн С. Воспитание читательских интересов школьников. М., 1950.
14. Құрманбаева Г., Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері. А., 1999.
15. Мырзағалиев Қ. Қазақ әдебиетінен IX класта шолу тақырыбын оқытуға методикалық нұсқау. Орал, 1984
16. Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. А., 1994.
17. Жұматаева Е. Әдебиетті оқытудың кейбір мәселелері. А., 1999.+++

Интернет ресурстар тізімі

1. <https://adebieti/lesson/1-qobylandy-batyr-zhyry-1-bolim>
2. <https://uba.edu.kz/ru>
3. <https://adebiportal.kz/>

